

М.Ө. Насимов^{1*} , А.Д. Құрманалиева² 

¹Қызылорда «Болашақ» университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: nasimov_m@mail.ru

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ШОЛУ (ДҚШ): НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННАН МЫСАЛДАР

Дүниежүзілік құндылықтарға шолу (WVS – ДҚШ) зерттеушілерге түрлі әлеуметтік-саяси, экономикалық, діни және мәдени контексттердегі негізгі зерттеу бағыттарын талдау үшін баға жетпес деректер бере отырып, жаһандық әлеуметтік құндылықтарды айқындаудың басты құралы ретінде қызмет жасайды. Бұл мақалада ДҚШ-ға шолу жасалады және оның бүкіл әлемдегі әлеуметтік құндылықтар, көзқарастар мен нанымдар туралы түсінігімізді қалыптастырудағы маңыздылығы көрсетіледі. Азия мен Еуропаның тоғысқан жерінде орналасқан, қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан қоғамы мысалына сүйене отырып, бұл мақала өзекті әлеуметтік мәселелерді зерттеу үшін ДҚШ деректерінің қалай пайдаланылғанын талданады. Қазақстандық авторлардың зерттеу мақалаларына шолу жасау арқылы біз қоғамдық сенім, құндылық бағдарлары, жастар белсенділігі, отбасылық динамика, гендерлік теңдік, субъективті әл-ауқат, саяси тұрақтылық және құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу секілді тақырыптарды анықтадық. Сонымен қатар, біз осы зерттеулерде қолданылған әдеби шолу, кросс-мәдени салыстыру, әлеуметтанулық сауалнамалар және статистикалық талдау әдістемелік тәсілдерін зерделейміз. ДҚШ деректерінің жан-жақты қолданылуын түсіндіре отырып, бұл мақала ұлтаралық ынтымақтастықты дамыту және өзгермелі әлемдегі әлеуметтік динамика туралы түсінігімізді тереңдетудегі ДҚШ-дың пайдалылығына көңіл аударамыз.

Түйін сөздер: Дүниежүзілік құндылықтарға шолу, әлеуметтік құндылықтар, деректер, сенім, пікір.

M.O. Nassimov^{1*}, A.D. Kurmanaliyeva²

¹Bolashak University, Kazakhstan, Kyzylorda

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: nasimov_m@mail.ru

World Values Survey (WVS): Key research areas and an examples from Kazakhstan

The World Values Survey (WVS) stands as a foundational tool in the study of global societal values, providing researchers with invaluable data to explore key research areas across diverse socio-political, economic, religious, and cultural contexts. This article presents an overview of the WVS and highlights its significance in shaping our understanding of societal values, attitudes, and beliefs worldwide. Drawing upon examples from Kazakhstan, a rapidly evolving society situated at the crossroads of Asia and Europe, this article illustrates how WVS data have been utilized to investigate a range of pressing social issues. Through a review of research articles by Kazakhstani authors, we explore themes such as public trust, value orientations, youth activities, family dynamics, gender equality, subjective well-being, political stability, and intergenerational value transmission. Additionally, we examine the methodological approaches employed, including literature review, cross-cultural comparison, sociological surveys, and statistical analyses. By elucidating the multifaceted applications of WVS data, this article underscores the WVS's utility in fostering cross-national collaboration and advancing our understanding of societal dynamics in a rapidly changing world.

Key words: World Values Survey, social values, data, trust, opinions.

М.О. Насимов^{1*}, А.Д. Курманалиева²

¹Кызылординский университет «Болашақ», Қазақстан, г. Кызылорда

²Қазақский национальный университет имени аль-Фараби, Қазақстан, г. Алматы

*e-mail: nasimov_m@mail.ru

Всемирный обзор ценностей (ВОЦ): основные направления исследований и примеры из Казахстана

Всемирное исследование ценностей (WVS – ВОЦ) выступает в качестве основополагающего инструмента в изучении глобальных социальных ценностей, предоставляя исследователям бесценные данные для изучения ключевых областей исследований в различных социально-политических, экономических, религиозных и культурных контекстах. В этой статье представлен обзор ВОЦ и подчеркивается ее значение в формировании нашего понимания социальных ценностей, взглядов и убеждений во всем мире. Опираясь на примеры Казахстана, быстро развивающегося общества, расположенного на перекрестке Азии и Европы, эта статья иллюстрирует, как данные ВОЦ использовались для исследования ряда актуальных социальных проблем. Путем обзора исследовательских статей казахстанских авторов мы исследуем такие темы, как общественное доверие, ценностные ориентации, молодежная активность, семейная динамика, гендерное равенство, субъективное благополучие, политическая стабильность и передача ценностей из поколения в поколение. Кроме того, мы изучаем используемые методологические подходы, включая обзор литературы, кросс-культурное сравнение, социологические опросы и статистический анализ. Разъясняя многогранное применение данных ВОЦ, эта статья подчеркивает полезность ВОЦ в развитии межнационального сотрудничества и углублении нашего понимания социальной динамики в быстро меняющемся мире.

Ключевые слова: Всемирное исследование ценностей, социальные ценности, данные, доверие, мнения.

Кіріспе

Қырық жылдан астам уақыт бойы Р. Инглехарт (R. Inglehart, 1934-2021) және оның әріптестері түрлі тақырыптар бойынша дүние жүзіндегі адамдардың сенімдері мен пікірлері туралы сауалнама деректерін жинады және нәтижелерін жариялады (Abramson & Inglehart, 1995; Inglehart, 1997; Inglehart, Basañez, & Moreno, 1998; Inglehart & Norris, 2009; Inglehart, Basañez, & Moreno, 2010; Inglehart, 2018). Бұл жұмыстар Р. Инглехартты дамыған елдердегі постматериалистік құндылықтардың дамуы туралы әйгілі теориясын баяндауға және олардың саясатқа әсерін зерттеуге әкелді. Зерттеулердің басым бөлігінде саясат, экономика, дін, мәдениет, отбасылық өмір және гендерлік рөлдер секілді мәселелер қамтылды және респонденттер жауаптарындағы жас, жыныс, экономикалық мәртебе мен білімі бойынша айырмашылықтар көрсетіледі. Ғалымдар зерттеулері әлем елдеріндегі саяси, әлеуметтік және мәдени қатынастарды түсінуге мүдделі саясаттанушылар, дінтанушылар, мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылар қызықтыратын көптеген деректерден тұрады.

Дүниежүзілік құндылықтарға шолу (ДҚШ) ғалымдарға түрлі елдердегі мәдени динамика, саяси көзқарастар және әлеуметтік өзгерістерді

талдау үшін кешенді материалдарды ұсынатын негізгі құрал болып табылады. 1981 жылдан басталған шолу түрлі контексттердегі адами құндылықтардың күрделілігін көрсететін ұлтаралық салыстырулар мен компаративті зерттеулерге ықпал ететін деректер мұрағатын жинақтады (Inglehart & Welzel, 2012). Қатаң әдістемесі мен ауқымы кең болғандықтан, ДҚШ әлеуметтік өзгерістердің негізгі қозғаушы күштерін, саясат, мәдениет және жеке сенімдердің өзара әрекеттесуін түсінуге ұмтылған ғалымдар үшін таптырмас ресурс болды (Welzel & Inglehart, 2010).

Жоғарыда атап өткеніміздей, ДҚШ деректерін зерттеулерде пайдаланудың ауқымы кең. Мәселен, «What 1.3 billion Muslims really think: An answer to a recent Gallup study, based on the world values survey» (Tausch, 2009) атты іргелі еңбек әлемнің 80-нен астам елінің құндылықтарын ДҚШ деректерімен салыстырғанда әлемдегі мұсылман қауымдастықтарының саяси және әлеуметтік құндылықтары туралы сандық, көп өлшемді талдауға негізделді. Әлемдік мұсылмандар, сондай-ақ Батыс демократиясындағы мұсылман қауымдастықтарының құндылықтары консервативтілікке, отбасына бағдарланғанымен, демократияны қолдайды. Жоғарыда аталған зерттеу классикалық араб тарихнамасында кездесетін, алғаш рет Ибн Халдун (1332-1406)

өзінің маңызды еңбегі «Мукаддимада» сипаттаған «Асабия» (әлеуметтік ұйымшылдық) идеясына сүйенеді. Еңбектен «Рухани құндылықтарсыз» ұзақ мерзімді перспективада «жаңғыру» мүмкін бе?» деген сауалға жауап табуға болады. Автор әлеуметтік ауытқулармен сипатталатын қоғамды жаңғыртудың жолы ретінде ерікті ұйымдар жұмысының «белсенді қоғамы» түсінігінде таралған құндылықтар құлдырауына қарсы әлеуметтік құрал болып табылатындығын дәйектейді. Ғалым еріктілік әлеуметтік қызметі діни және діни емес гуманизмді ХХІ ғасырдағы әлеуметтік ұйымшылдықтың қажетті алғышарты болып табылатындығын жазады.

Шығыс және Батыс ықпалының бірегей үйлесімі және кеңестік дәуірден кейінгі тәуелсіз бүгінгі күніміз ДҚШ-дың әлеуметтік құндылықтардың өзгермелі трансформациясын зерттеудің құнды құралына айналды. Еліміз жаңғыру мен жаһандану мәселелерін еңсеріп жатқанда, отандық зерттеушілер қоғамдық сенім мен саяси тұрақтылықтан гендерлік теңдік пен құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беруге дейінгі көптеген әлеуметтік құбылыстарды зерттеу үшін ДҚШ деректеріне жүгінді. ДҚШ сауалнамаларынан алынған деректерді пайдалана отырып (Inglehart et al., 2014), зерттеушілер Қазақстанның әлеуметтік құрылымына талдау жүргізе алды және оның болашақ траекториясын қалыптастыратын факторлар туралы құнды түсініктер ұсынды.

Бұл мақалада біз елімізді мысал ретінде ала отырып, ДҚШ қамтыған зерттеулердің негізгі бағыттарын зерделеуге тырысамыз. Тиісті әдебиеттер мен эмпирикалық зерттеулерге шолу жасай отырып, біз ДҚШ деректерінің Қазақстандағы өзекті әлеуметтік мәселелерді зерттеу үшін қалай пайдаланылғанын анықтаймыз және осы контексте зерттеушілер қолданатын әдіснамалық тәсілдерге назар аударамыз. Осы зерттеу арқылы біз ДҚШ-дың өзгермелі әлемдегі әлеуметтік құндылықтар серпінділігі туралы түсінігімізді жақсартудағы маңыздылығын атап өтуге тырысамыз.

Мақалада келесі *зерттеу сұрақтарына* жауап іздейміз:

1. ДҚШ деректері қашан алғаш рет зерттеулерде пайдаланылды және қолдану бойынша көрсеткіштер мәліметтері бар ма?

2. Отандық зерттеушілер ДҚШ деректерін әлеуметтік құндылықтарды зерттеу үшін қалай пайдаланды және деректерді талдау кезінде қазақстандық ғалымдар қандай әдіснамалық тәсілдерді пайдаланды?

3. ДҚШ деректерін пайдаланатын зерттеулер Қазақстандағы әлеуметтік мәселелер мен тенденциялар туралы қандай нәтижелер береді?

Материалдар және әдістер

Біз Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге назар аударып отырып, әлеуметтік құндылықтарды зерттеу үшін ДҚШ деректерін пайдаланған ғылыми жұмыстарға әдеби шолу жасадық. Әдеби шолуда саясаттану, дінтану, мәдениеттану, әлеуметтану және экономика сынды түрлі салаларды қамтитын ғылыми мақалаларға талдау жүргізілді. Осы арқылы авторлар отандық ғалымдар жүргізіп жатқан зерттеу мәселелерін анықтады. Біз ДҚШ деректерін талдау кезінде Қазақстандағы зерттеушілер қолданатын әдіснамалық тәсілдерді қарастырдық. Жарияланған зерттеулерде әдеби шолу, кросс-мәдени салыстыру, әлеуметтанулық сауалнамалар, аралас әдістер және статистикалық талдау секілді зерттеу әдістемелері қолданылғаны анықталды. Осы арқылы біз қазақстандық контексте әлеуметтік құндылықтарды анықтау және түсіндіру бойынша алынған нәтижелерге өз тұжырымдарымызды жасадық. Отандық ғалымдар мақалаларын пайдалану екінші деректер болуына байланысты зерттеу процесінде этикалық түсініктер ескерілді. Осы зерттеудің материалдары мен әдістеріне тән бірнеше шектеулерді мойындау қажет. Біріншіден, талдау екінші деректерге негізделгендіктен, авторлар зерттеу мәселелеріне қатысты тұжырымдар білдірумен шектелді. Екіншіден, нәтижелерді жиынтықтау мүмкіндігі Қазақстанның ерекшелігі, зерттеу үлгісінің іріктемесі және тақырыптар ауқымымен шектеледі. Үшіншіден, қатаң әдістемелік тәсілдерді қолдану жоспарланғанымен, екінші деректерден алынған нәтижелерді түсіндіру арқылы жиналған материалдар бойынша айтылған тұжырымдар негізділігіне назар аудардық. Жалпы осы зерттеуде пайдаланылған материалдар мен әдістер ДҚШ деректерін қолданған отандық ғалымдар еңбектерінде Қазақстандағы әлеуметтік құндылықтар бойынша алынған нәтижелерді мұқият талдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Әдебиеттер мен пайдаланылған әдіснамалық тәсілдерді жүйелі шолу арқылы бұл зерттеуде ДҚШ негізгі зерттеу бағыттары және олардың Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістер мен дамуды түсіну үшін құнды мәліметтер беретіндігі баяндалады.

Нәтижелер және талқылау

ДҚШ деректерін алғаш пайдаланған зерттеулер және қолданудың көрсеткіштері жөніндегі мәліметтер

R. Inglehart пен D. Appel (1989) ДҚШ нәтижелері бойынша ең алғашқы көлемді мақаланы 1989 жылы жариялайды. Бұл зерттеуде ғалымдар материалистік және постматериалистік құндылықтар арасындағы қарым-қатынастар, діни және әлеуметтік нормаларға көзқарас және индустриялық қоғамдағы мінез-құлық көрсеткіштерін қарастырады. Авторлар өзін-өзі таныту, өмір сүру сапасы және тиесілілік секілді мақсаттарға көбірек көңіл бөлу арқылы көрінетін постматериалистік құндылықтар дәстүрлі бағдарлардың құлдырауымен байланыстылығына назар аударады. 1981-1982 жылдардағы ДҚШ 16 ел халқының діни және моральдық нанымдарын салыстырады. Сондай-ақ зерттеуде туу және ажырасу көрсеткіштері сынды нормалармен байланысты мінез-құлық көрсеткіштері ескеріледі. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, постматериалистік құндылықтар дәстүрлі құндылықтардың құлдырауымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, жеке деңгейдегі құндылықтар мен қоғамдағы азаматтардың нақты мінез-құлық арасында берік байланыстар бар. Дәстүрлі діннен алшақ постматериалистер материалистерге қарағанда өмірдің мәні туралы ойлауға көбірек уақыт жұмсайды және осылайша дінге қатысты қызығушылықтары жоғары болуы мүмкін.

R. Inglehart (1971) ұрпақтар арасындағы постматериалистік құндылықтарға ауысу туралы болжамын жасайды. Сонымен қатар, кейінгі зерттеулерде инфляция мен жұмыссыздықтың бірлескен ықпалы Батыс Еуропа елдеріндегі постматериализмге статистикалық маңызы бар екені дәйектеледі. ДҚШ нәтижелері бойынша екінші жарияланған көлемді мақалада R. Inglehart пен P.R. Abramson, (1994) экономикалық қауіпсіздік және құндылықтар өзгерісіне мән беріледі. Авторлардың пайымдауынша, 1981-83 және 1990-91 жылдардағы ДҚШ деректері постматериалистік құндылықтар өзгерістері соңғы онжылдықтарда жеткілікті экономикалық өсімді бастан өткерген кез келген қоғамда орын алатынын көрсетті. Нәтижеге сәйкес, кіші жастағы топтардың ересектерге қарағанда тәжірибесі салыстырмалы түрде қауіпсіз болған. Ұрпақтар арасындағы үлкен айырмашылықтар жан басына шаққандағы жалпы ұлттық өнімнің тез өсуін бастан өткерген қоғам мен өсім аз және мүлдем болмаған қоғам арасында кездеседі. Осы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, салыстырмалы деректерде

бес континенттегі 20 қоғамның 18-інде постматериализм өскен.

R. Inglehart (1995) кезекті зерттеуінде жаңғыру теориясы дәлелдеген экономикалық даму мен мәдени және саяси өзгерістер болжауға болатынын айтады. Ғалымның пікірінше, дамыған индустриалды қоғамда дамудың басым бағыты соңғы ширек ғасырда өзгерді және бұл ауысымды «модернизация» емес, «постмодернизация» деп атаған дұрыс. Бұл зерттеуде автор әлемнің 43 елінен алынған 1990-1991 жылдардағы ДҚШ деректерін талдайды. Нәтижесінде зерттелген қоғамдағы экономикалық өсім қарқынымен тығыз байланысты дәйекті мәдени модельдерді ұсынады. Осы модельге сәйкес индустрияландыру мен жаппай жұмылдырудың таныс модернизация синдромы дәстүрліден ұтымды құқықтық құндылықтарға дәйекті көшумен байланысты деген қорытындыға келеді.

Жалпы 1995 жылдан бастап ДҚШ нәтижелерін пайдаланған ғылыми зерттеулер саны көбее бастады. Осы жылы АҚШ, Канада және Мексикадағы өмірге қанағаттану шкаласы (Terreman & Curtis, 1995), Канада, АҚШ, Ұлыбритания және Австралиядағы беделге құрмет (Baer, Curtis, & Grabb, 1995) және Латын Америкасындағы экономикалық құндылықтар және үкіметтің рөлі (Turner & Elordi, 1995) мәселелеріне арналған зерттеулер жарық көрді. «Scopus» деректер базасынан ДҚШ нәтижелерін пайдаланған зерттеулерді «World Values Survey» кілт сөзі арқылы анықтауға болады. Қазіргі таңда аталмыш базада **2 200** материал бар (1-кесте). Әрине, ғылыми зерттеулер нәтижелерін айқындау тек осы базамен шектелмейді. Дегенмен, базаның құралдарын тиімді пайдалану арқылы кейбір қажетті деректерді алуға көмектеседі.

«Scopus» деректер базасындағы мәліметтерге сәйкес жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеулерді 100 елдің ғалымдары жүргізген. ДҚШ нәтижелерін посткеңестік кеңістік ғалымдары да өз зерттеулерінде пайдаланады (2-кесте).

ДҚШ нәтижелері түрлі елдер мен аймақтардағы саяси, әлеуметтік, діни және мәдени құндылықтар туралы құнды ақпарат беретіндігіне байланысты әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын танымал деректер жиынтығы болып отырғаны даусыз. Посткеңестік кеңістік ғалымдарының жаһандық әлеуметтік тенденциялар мен динамикаларды түсіну үшін ДҚШ деректерін қолдануы олар үшін де өзекті екенін көрсетеді. Сонымен қатар, шолу бір кездері Кеңес Одағының құрамында болған көптеген елдерді қамтыды және қырғи-қабақ соғыстан бері осы елдерде құндылықтардың қалай өзгергені туралы кейбір мәліметтер бере алады.

1-кесте – 1989-2024 жылдар аралығында «World Values Survey» кілт сөзін және деректерін пайдаланған ғылыми зерттеулер

1989	1	2001	8	2009	54	2017	116
1994	1	2002	22	2010	78	2018	145
1995	4	2003	20	2011	75	2019	139
1996	2	2004	20	2012	96	2020	159
1997	4	2005	25	2013	100	2021	175
1998	9	2006	26	2014	86	2022	184
1999	6	2007	40	2015	112	2023	240
2000	12	2008	54	2016	110	2024	77

«Scopus» деректер базасын пайдаланып авторлар құрастырған мәліметтер (2024 жылдың 1 ақпанындағы ақпарат).

2-кесте – Посткеңестік кеңістік ғалымдарының ДҚШ деректерін пайдалану көрсеткіштері

Ресей Федерациясы	80	Грузия	3
Украина	14	Әзірбайжан	3
Эстония	10	Латвия	2
Қазақстан	7	Өзбекстан	1
Қырғызстан	3	Беларусь	1

«Scopus» деректер базасын пайдаланып авторлар құрастырған мәліметтер (2024 жылдың 1 ақпанындағы ақпарат).

ДҚШ деректерін пайдаланған отандық ғалымдар зерттеулеріндегі нәтижелер мен тұжырымдар

2-кестеде көрсетілгендей, ДҚШ нәтижелерін отандық ғалымдар 7 зерттеу мақалаларында пайдаланған. Басым бөлігі шетелдік ғалымдармен (Ұлыбритания, Канада, Оңтүстік Корея және Ресей) бірлескен авторлықта жазылған. Бірнеше елдер зерттеушілерімен бірлесіп жасалған коллаборация бұл зерттеулердің халықаралық маңыздылығын арттырады және Қазақстандағы әлеуметтік мәселелерді талдауды байытады. Бұл мақалаларда отандық ғалымдар қоғамдық сенім, жастардың құндылық бағдарлары мен белсенділігі, Қазақстандағы ажырасулар мен некеден тыс қарым-қатынастар, қазіргі Қазақстандағы әйел құқықтарының сақталуы, субъективті әл-ауқат, саяси тұрақтылық, болашаққа сенім және құндылықтар арасындағы байланыстар секілді мәселелерді қарастырады. Тақырыптардың әралуандылығы Қазақстандағы әлеуметтік мәселелер мен басымдықтардың көп қырлы сипатын көрсетіп қана қоймай, ДҚШ деректерінің өзектілігін де байқатады. Зерттеу нәтижелерін алу үшін ДҚШ деректерін пайдаланумен қатар, ғылымдағы әдеби шолу, кросс-мәдени салыстыру, әлеуметтанулық сауалнама, аралас әдіс, дисперсиялық

талдау, Пирсон корреляция коэффициенті және сатылы сызықтық регрессия тәсілдерін пайдаланады. Пайдаланылған зерттеу әдістерінің ауқымы осы зерттеулердің әдіснамалық әралуандылығы мен қатаңдығын көрсетеді. Осы көпәдісті тәсілдер зерттеушілерге күрделі әлеуметтік құбылыстарды жан-жақты зерттеуге және тың мәселелерді айқындауға мүмкіндік береді. Жалпы қазақстандық ғалымдар мен олардың халықаралық әріптестері арасындағы ынтымақтастық еліміздегі әлеуметтік құндылықтарды тереңірек түсінуге ықпал жасайды және жаһандық мәселелерді шешуде ұлтаралық зерттеу ынтымақтастығының маңыздылығын білдіреді.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін посткеңестік кеңістікте Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) шеңберінде аймақтық интеграция орын алғаны белгілі. М. Chacha және Ү. Kobayashi (2018) талдауында ТМД-ға мүше жеті мемлекетті қамтитын (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Украина және Өзбекстан) ДҚШ алтыншы толқынының деректері пайдаланылады. Авторлардың пайымдауынша ТМД посткеңестік кеңістіктегі көші-қонға әсер етті. Осы пікірді дәйектеу үшін авторлар қоғамдық пікірге және еуропалық интеграцияға қатысты әдебиеттерге негізделген бірнеше дәлелдерді

айқындайды. Мәселені мигранттарды қабылдау және жұмыспен қамту мәртебесінің ТМД-дағы халықтың сеніміне ықпалын түсіндіру арқылы шешеді. Зерттеудің негізгі ғылыми үлесі еуропалық әдебиеттердегі дәлелдер және ТМД-дағы қоғамдық пікір бойынша әдебиеттерді салыстыру арқылы Еуропалық Одақтан тыс қоғамдық көңіл-күйді зерттеу болып табылады. Ғалымдар көші-қон шеңберінде мәдени аргументті қолдануға болатынын дәлелдейді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттер өз алдына ұлттық бірегейлікті қалыптастыру міндетін қойғандығы мысал ретінде алынады. Мәселенің тұжырымы көпұлтты мемлекетті біріктіру тәсілі ретінде кеңестік ұлт саясаты көтерген титулдық этно-территориялық бірегейлікке негізделеді. Посткеңестік кезеңде осы титулдық бірегейлік кеңестік өткенге қарағанда өзінің маңыздылығы мен ұлттық бірегейлікті құруда қолданылуын сақтап қалды. Қазақстан, Украина және Балтық жағалауы елдеріндегі ұлттандыру процестеріне негізделген талдаулар ұлттық бірегейліктің аталмыш посткеңестік құрылысын көрсетеді (Chacha & Kobayashi, 2018, p. 259). Аталған мемлекеттер арасындағы стратегиялық айырмашылықтар байқалғанымен, ортақ мәселе «титулдық ұлт» мүдделерін ілгерілету сияқты.

Жоғары сапалы адами капиталды дамыту құндылық бағдарлары, мәдени аспектілер және қызметтің психологиялық ерекшеліктеріне ықпал жасайды. Е.І. Perikova (2021) және т.б. зерттеушілер мақаласында Ресей, Қазақстан және Латвиядағы жастар белсенділігінің құндылық бағдарлары мен психологиялық параметрлері кросс-мәдени салыстыру арқылы қарастырылған. Зерттеуде құндылық бағдарлары, мәдени өлшемдер мен көзқарастар құндылықтарды зерттеу модулі, ДҚШ деректері және негізгі құндылықтардың іске асырылу мүмкіндігін субъективті бағалау арқылы өлшенді. Ресей, Қазақстан және Латвия үлгілерінде құндылықтар мен мәдени өлшемдер үшін мәдениетаралық дисперсия табылғанымен, белсенділікке жеке дайындық Қазақстан мен Латвия үлгілері арасында ғана ерекшеленді. Түрлі құндылықтар мен көзқарастар Ресей мен Латвияда жеке дайындық индексінің шамамен 57 пайызын құраса, Қазақстанда бұл көрсеткіш 29 пайызға жеткен. Сонымен қатар, Ресей университеттері студенттерінің белсенділігі жетістіктерге қажеттілік пен бақыт деңгейіне байланысты екені дәлелденді. Ал қазақстандық және латвиялық респонденттер үшін ең маңызды фактор өмір сапасы мен қанағаттану индексі екені белгілі болды.

Соңғы жылдары мұсылмандық Орталық Азиядағы неке институты діни ахуал, көші-қон үлгілері және жаһанданудың әсері тұрғысынан терең өзгерістерге ұшырады. Қазақстанда 2014-2019 жылдар аралығында әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталды. Қазақстандық мұсылмандардың ажырасу мен кездейсоқ жыныстық қатынасты қолдауы олардың интернеттен, ұялы телефондардан және әлеуметтік желілерден алынған ақпаратты тұтынуымен байланысты. J. Dall'agnola және H. Thibault (2021) зерттеуінде Қазақстан бойынша ДҚШ деректерінің жетінші толқынының елдік деректер жинағындағы кең статистикалық мәліметтері, 2019 жылы еліміздің бес өңірінде барлығы 96 респонденттің қатысуымен жүргізілген фокус-топтық зерттеулердің эмпирикалық деректерімен салыстыратын аралас әдіс пайдаланылған. Зерттеудегі статистикалық талдаулар нәтижелері көрсетіп отырғандай, интернеттегі ақпараттың жиі әсер етуі мұсылман қазақтардың некеден тыс қатынастар мен ажырасуларды қолдауына әсер ететінін көрсетеді. Дегенмен, ақпараттық технологияларды жиі қолдану неке институтын міндетті түрде әлсіретпейді. Авторлар интернет жоғары білімі бар қазақстандық жастарға әсер етуімен қатар, аға буын мен жас жігіттер арасындағы неке міндеттемелері туралы дәстүрлі түсінікті нығайтады деген қорытындыға келеді.

Қазақстан Республикасындағы әйелдер құқықтарын жүзеге асыру мәселелері және олардың туындау себептері қарастырылған зерттеуде D. Zulkapil, L. Nurkatova және S. Giritli (2022) ДҚШ жетінші толқынының деректері мен Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық гендерлік айырмашылық индексі есептерін пайдаланады. Мәселені дәйектеу үшін әйелдер құқықтарын жүзеге асыру және гендерлік теңдікті сақтау мәселелерін көрсететін ресми статистикалық мәліметтер мен құқықтық құжаттардың деректері қолданылады. Авторлардың мәлімдеуінше, еліміздегі гендерлік алшақтық индексі халықаралық рейтингте жыл сайын төмендеп келеді. Осы пікірге сәйкес ғалымдар әйелдердің саяси, экономикалық қатысу құқықтары, қаржы, денсаулық және қауіпсіздікке қол жетімділігі қиын екенін жазады. Қазақстандағы ең аз гендерлік қиындықтар білім алу құқығын алу кезінде туындайды. Елдегі әйелдердің құқықтарын бұзу көбінесе менталитет және дәстүрлі гендерлік қатынастармен анықталады. Осы пікірге сәйкес әйелдің негізгі мақсаты ана болу және үй шаруашылығын жүргізу болып табылады. Гендерлік зорлық-зомбылық әйелдер құқығындағы тағы

бір өзекті мәселе саналады. Авторлардың пікірінше, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты қалыпқа келтіру, жәбірленушінің мінез-құлқымен оны жасау фактісін ақтау қылмыскерді жазасыз қалдырып, адамға қарсы жаңа қылмыстар жасауға шақырады. Сондықтан ғалымдар әйелдердің саяси қызмет, білім, әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға және зорлық-зомбылықтан қорғауға қол жеткізуін жеңілдету үшін мемлекеттік деңгейде қабылданған бірқатар прогрессивті қдамдарға қарамастан, бұл мәселелер әлі де шешу қажет екенін айқындайды.

Соңғы уақытта субъективті әл-ауқатты зерттеу бойынша жұмыстар саны өсті. Алайда, мемлекеттік сектордағы жұмыспен қамтылудың субъективті әл-ауқатқа ықпалы жөнінде шектеулі ақпарат бар. ДҚШ деректерін пайдаланған М.А. Demircioglu және D. Sharipova (2023) мақаласында мемлекеттік секторда жұмыс істеудің субъективті әл-ауқатқа ықпалы мен қаржылық қанағаттанудың байланысы зерттеледі. Нәтижелер мемлекеттік секторда жұмыс істеу мен қаржылық қанағаттану арасында оң байланыс бар екенін дәлелдегенімен, мемлекеттік секторда жұмыс істеу субъективті әл-ауқатқа әсер етпейтінін көрсеткен. Бұл адамның субъективті әл-ауқат сезімін анықтауда маңызды рөл атқаратын қаржылық ойлардан тыс жұмысқа қанағаттану, жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігі және әлеуметтік қарым-қатынастар факторларының бар екенін білдіреді. Бұл тұжырымдар қызметкерлердің субъективті әл-ауқаты мен өнімділігін қолдау үшін тек қаржылық ынталандыруды ғана емес, жұмысқа қанағаттану мен әл-ауқаттың басқа да аспектілерін ескерудің маңыздылығын дәлелдейді.

Ғылыми әдебиеттерге сәйкес, мәдени өзгерістер жаңғырудың екі құндылық өлшемімен байланысты: өмір сүруден өзін-өзі көрсету құндылықтарына дейін және дәстүрліден зайырлы-рационалды құндылықтарға дейін. Құндылықтардың бұл өзгерістері әдетте материалдық және материалдық емес күштердің әрекеті ретінде қарастырылады. Дегенмен, әлеуметтік және психологиялық айнымалылардың нақты өлшемдерін де ұмытпаған жөн. Саяси тұрақтылық, болашаққа сенім және құндылықтар мәселесін зерттеуде N. Kuzenbayev және R. Pelizzo (2023) ДҚШ деректерін жеке және жиынтық деңгейде пайдаланады. Екі талдауда да саяси жүйенің тұрақтылығына қатысты алаңдаушылық құндылықтардың өзгеруінің бірден-бір маңызды факторы ретінде көрсетілген. Ғалымдар

материалдық емес құндылықтарды көрсететін айнымалылар шеңберінде эмансипациялық және зайырлы құндылықтарға экономикалық әл-ауқат пен саяси тұрақтылық секілді материалдық жағдайлардың тікелей және жанама әсерін бағалауға мүмкіндік беретін теориялық модельді ұсынады және сынайды. Бұл модель тұжырымына сәйкес респонденттердің экономикалық болашағы туралы алаңдаушылықтары және олар өмір сүретін саяси жүйелердің ықтимал тұрақсыздық факторлары құндылықтарды анықтайды. Біздің ойымызша, ұсынылған модель құндылықтарды қалыптастырудағы материалдық және материалдық емес факторлардың күрделі өзара әрекеттесуін түсіну үшін маңызды. Тәсіл әлеуметтік құбылыстардың өлшемділігін, материалдық және материалдық емес шарттардың өзара байланысын мойындайды. Тікелей және жанама әсерлерді зерттеу арқылы модель материалдық шарттардың құндылықтарға әсер ететін тетіктері, азаматтардың қорқыныштары мен уайымдарын түсінуді қамтамасыз етеді.

ДҚШ деректерін пайдаланған Н. Koh және К.Ваек (2023) мақаласында қоғамдық сенімнің өзгеру сипаты және оның демократиялық емес қоғамдағы қалыптасуы зерттеледі. Ғалымдар әлеуметтік желілер негізгі ақпарат көзіне айналғанда, нәтижеге негізделген сенім демократиялық емес мемлекетте сақталмайтынын анықтады. Демократиялық қоғамдағы сенім азаматтардың демократиялық құндылықтарды қолдауы ретінде белгіленсе, демократиялық емес контексттерде азаматтардың сенімі көбінесе үкімет құзыретін бағалаумен теңестіріледі. Дегенмен, әлеуметтік желіні көп пайдалану үкімет құзыреті мен қоғамның демократиялық емес елдерге сенімі арасындағы байланысты әлсіретеді. Бұл нәтижелер әлеуметтік желілердің авторитарлық қоғамдағы азаматтар арасында жаһандық стандарттарды таратуға ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, технологиялық жетістіктердің саяси қатынастармен байланыстарын түсінуге мүмкіндіктер береді. Өйткені, цифрлық дәуірдегі қоғамдық сенім мен басқару тиімділігін талдауда дәстүрлі әдістерді қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Жалпы әлеуметтік желілердегі платформалар қоғамдық қабылдау мен мінез-құлықты қалыптастырып қана қоймай, шектеулі саяси бостандықтармен сипатталатын саяси жүйелерде ашықтық, есеп берушілік және демократиялық құндылықтарды ілгерілету стратегияларын дамытады.

Қорытынды

Әдеби шолу арқылы біз отандық ғалымдардың ДҚШ деректерін пайдалана отырып жүргізілген зерттеулер нәтижелерін қарастырдық. ДҚШ деректерін пайдаланған Қазақстан зерттеушілері әлемдегі және еліміздегі әлеуметтік құбылыстарға талдау жүргізеді және Қазақстанның әлеуметтік құрылымын қалыптастыратын факторларды дәйектейді. Отандық ғалымдар қолданатын әдістемелік тәсілдер Қазақстан контекстіндегі әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды терең түсінуге ықпал жасады. Деректерді мұқият талдау арқылы ғалымдар қоғамымызда қалыптасқан заңдылықтар мен үрдістерді анықтады, еліміздегі әлеуметтік мәселелер мен тенденцияларды түсіндірді және жаһандық әлеуметтік құндылықтар тұжырымын тереңдетті.

Мақалада қолданылған екінші деректерді пайдалануға тән шектеулерді мойындауымыз қажет. Осы шектеулерге қарамастан, мақалада алынған нәтижелер Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістер мен дамудың күрделілігі туралы құнды түсінік береді және жаһандық мәселелерді шешуде ұлттық ғылыми ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсетеді. Алдағы уақытта жүргізілетін болашақ зерттеулерде өзгермелі контексттерде пайда болатын әлеуметтік мәселелер

мен үдерістерді зерттеу үшін ДҚШ ұсынған бай деректерді пайдалануды жалғастыруы керек деп ойлаймыз. Қатаң әдістемелік және пәнаралық тәсілдерді пайдалана отырып, зерттеушілер әлеуметтік құндылықтар туралы түсінігімізді тереңдетеді және әлеуметтік ұйымшылдық пен дамуға жәрдемдесетін реформалар жасауға ұсыныс бере алады.

Қорытындылай келе, ДҚШ бүкіл әлемдегі әлеуметтік құндылықтар мен динамиканы зерттеудің маңызды құралы болып табылады және шолу материалдарын Қазақстанға қатысты зерттеулерде қолдану оның әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерді жетілдірудегі пайдальығын көрсетеді. Үздіксіз зерттеулер мен ынтымақтастық арқылы ДҚШ-дан алынған түсініктер Қазақстанда және одан тыс жерлерде тұрақты дамуды ілгерілетуге көмектеседі.

Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтар үдерістерін мәдени талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19577138.

Әдебиеттер

- Abramson, P. R. & Inglehart, R. (1995). *Value change in global perspective*. Ann Arbor: University of Michigan Press. <https://doi.org/10.3998/mpub.23627>
- Baer, D., Curtis, J., & Grabb, E. (1995). Respect for authority in Canada, the United States, great Britain and Australia. *Sociological Focus*, 28(2), 177-195. <https://doi.org/10.1080/00380237.1995.10571046>
- Chacha, M., & Kobayashi, Y. (2018). Migration and public trust in the commonwealth of independent states. *Regional and Federal Studies*, 28(4), 523-541. <https://doi.org/10.1080/13597566.2018.1480480>
- Dall'agnola, J., & Thibault, H. (2021). Online temptations: Divorce and extramarital affairs in Kazakhstan. *Religions*, 12(8), 654. <https://doi.org/10.3390/rel12080654>
- Demircioglu, M. A., & Sharipova, D. (2023). Does public sector employment matter for subjective well-being?: The case of Kazakhstan. *International Journal of Public Administration*. <https://doi.org/10.1080/01900692.2023.2176516>
- Inglehart, R. (1971). The Silent revolution in Europe: Intergenerational change in post-industrial societies. *American Political Science Review*, 65(4), 991-1017. <https://doi.org/10.2307/1953494>
- Inglehart, R., & Appel, D. (1989). The rise of postmaterialist values and changing religious orientations, gender roles and sexual norms. *International Journal of Public Opinion Research*, 1(1), 45-75. <https://doi.org/10.1093/ijpor/1.1.45>
- Inglehart, R., & Abramson, P. R. (1994). Economic security and value change. *American Political Science Review*, 88(2), 336-354. <https://doi.org/10.2307/2944708>
- Inglehart, R. (1995). Changing values, economic development and political change. *International Social Science Journal*, 145, 379-403.
- Inglehart, R. (1997). *Modernization and postmodernization: Cultural, economic, and political change in 43 societies*. Princeton: Princeton University Press. <https://doi.org/10.2307/j.ctv10vm2ns>
- Inglehart, R. F., Basañez, M., & Moreno, A. (1998). *Human values and beliefs: A cross-cultural sourcebook*. Ann Arbor: University of Michigan Press. <https://doi.org/10.3998/mpub.14858>
- Inglehart, R. & Norris, P. (2009). *Rising tide: Gender equality and cultural change around the world*. Cambridge: Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511550362>

Inglehart, R. F., Basañez, M., & Moreno, A. (2010). *Human values and beliefs: A cross-cultural sourcebook: Political, religious, sexual, and economic norms in 43 societies: Findings from the 1990-1993 World Values Survey*. Ann Arbor: University of Michigan Press.

Inglehart, R. & Welzel, C. (2012). *Modernization, cultural change, and democracy: The human development sequence*. Cambridge: Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511790881>

Inglehart, R., Haerpfer, C., Moreno, A., Welzel, C., Kizilova, K., Diez-Medrano, J., Lagos, M., Norris, P., Ponarin, E., & Puranen B. et al. (Eds.). (2014). *World Values Survey: Round six – country-pooled datafile version*: www.worldvaluessurvey.org/WVSDocumentationWV6.jsp. Madrid: JD Systems Institute.

Inglehart, R. F. (2018). *Cultural evolution: People's motivations are changing, and reshaping the world*. Cambridge: Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781108613880>

Koh, H., & Baek, K. (2023). The differential impact of traditional and social media on public confidence: The case of Kazakhstan. *Demokratizatsiya*, 31(1), 91–112.

Kuzenbayev, N., & Pelizzo, R. (2023). Political stability, confidence in the future, and values. *Social Sciences*, 12(2), 82. <https://doi.org/10.3390/socsci12020082>

Perikova, E. I., Atamanova, I. V., Bogomaz, S. A., Karipbayev, B. I., Filippova, T. S., & Zagulova, D. (2021). The relationship between value orientations and personal readiness for activity in youth from Russia, Kazakhstan and Latvia. *Psychology in Russia: State of the Art*, 14(2), 118-136. <https://doi.org/10.11621/PIR.2021.0208>

Tausch, A. (2009). *What 1.3 billion Muslims really think: An answer to a recent gallup study, based on the World Values Survey*. Hauppauge: Nova Science Publishers, Inc.

Tepperman, L., & Curtis, J. (1995). A life satisfaction scale for use with national adult samples from the USA, Canada and Mexico. *Social Indicators Research*, 35(3), 255-270. <https://doi.org/10.1007/BF01079160>

Turner, F. C., & Elordi, C. A. (1995). Economic values and the role of government in Latin America. *International Social Science Journal*, 145, 473-488.

Welzel, C., & Inglehart, R. (2010). Agency, values, and well-being: A human development model. *Social Indicators Research*, 97(1), 43-63. <https://doi.org/10.1007/s11205-009-9557-z>

Zulkapil, D., Nurkatova, L., & Giritli, S. (2022). Observance of women's rights in modern Kazakhstan: Sociological analysis. *Woman in Russian Society*, 2, 32-42. <https://doi.org/10.21064/WinRS.2022.2.3>

Авторлар туралы мәлімет:

Насимов Мұрат Өрленбайұлы (корреспондент-автор) – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» ҒЗИ директоры; Қызылорда «Болашақ» университеті; Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қызылорда қаласы, Қазақстан, электрондық пошта: nasimov_m@mail.ru);

Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы – философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі (Алматы қаласы, Қазақстан, электрондық пошта: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz).

Information about authors:

Nassimov Murat (corresponding author) – Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Director of the Bolashak Research Institute; Bolashak University; Associate Professor of Department of Philosophy and Social and Humanitarian Disciplines of Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan, email: nasimov_m@mail.ru);

Kurmanaliyeva Ainura – Doctor of Philosophical Science, Professor, Head of the Department of Religious and Cultural Studies of al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz).

Келіп түсті: 20 ақпан 2024 ж.
Қайта қаралды: 11 мамыр 2024 ж.
Қабылданды: 20 мамыр 2024 ж.